| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:Әдебиеттік оқу**<br>**Күні:**<br>**Сынып:2 сынып** | **Мектеп:№21 орта мектеп**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:Алиева Жадыра Илтесовна**<br>**Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Бөлім: Құстар біздің досымыз<br>Машқар Гумеров.Көк кептер | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 2.1.1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну және қарапайым сұрақтарға жауап беру. | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | ***Барлық оқушылар*****:** Шығарманың мазмұнын түсініп және қарапайым сұрақтарға жауап береді<br><br>***Көптеген оқушылар*****:** Шығарма желісі бойынша сұрақтар құрастырып, қосымша тапсырмаларды орындайды<br><br>***Кейбір оқушылар***: Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беріп, шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдайды | |
| **Бағалау критерийлері:** | - Шығарманың мазмұнын түсініп және қарапайым сұрақтарға жауап бере алады<br>- Шығарма желісі бойынша сұрақтар құрастырып, қосымша тапсырмаларды орындай алады<br>- Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беріп, шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдай алады | |
| **Тілдік мақсаттар:** | Термин сөздер<br>Зақпы- айырсадақ (ату құралы)<br>Зақпы- рогатка -slinghot | |
| **Құндылықтарды дарыту.** | Білім алуға деген құлшыныстары артады. Табиғатты қорғауға, аялауға деген сүйіспеншіліктері арта түседі | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Көркем еңбек, жаратылыстану | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, слайд | |
| **Бастапқы білім** | Құстардың бірнеше түрлерін ажырата алады. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | |
| **Сабақтың басы**<br>**1 минут**<br><br><br><br><br>**2 минут** | 1.Психологиялық ахуал. **Ширату**<br>Ұшты кептер ғарышқа<br>Бұлттанда әрі алысқа<br>Ұшты күндіз, түнделеп<br>Жетті ақыры ғарышқа.<br>**2. Топқа бөлу**<br>**Құстардың суреттерін таңдау арқылы**<br>1 топ Бүркіт тобы<br>1 топ Кептер тобы<br>2 топ Аққу тобы | <br><br> |
| **Сабақтың ортасы** | **«Болжау әдісі»аудио жазба тыңдату.**<br>-Қай құстардың дыбыстары бір-біріне ұқсады?<br>-Тақырып не жайлы екен? | http://sz.spases.ru// |

| | | |
|---|---|---|
| **5 минут**<br>**Оқулықпен жұмыс**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**8 минут**<br><br>**Оқылым,тыңдалым, айтылым** | **Ашық сұрақтар арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтау.**<br>-Құстарға қалай қамқорлық жасар едіңдер?<br>-Құстар туралы қандай тыйым сөздер білесіздер?<br>-Құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар?<br>**Дескриптор**<br>–Құстарға қалай қамқорлық жасау керектігін білді.<br>-Құстар туралы тыйым сөздерді есте сақтады<br>-Құстардың табиғатқа пайдасын білді<br>ҚБ: «Екі жұлдыз,бір тілек»<br><br>**1 тапсырма**:<br>Сабақ мақсаты: шығарманың мазмұнын түсініп және қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br>**Белсенді әдіс:** Ұжымда «Қар кесегі» әдісі<br>**Ойлау деңгейі:** Білу, түсіну<br>**Саралау:** Тапсырма, қарқын,<br>**Коммуникативті дағды:** оқылым, айтылым және тыңдалым шапшаңдыққа бейімделеді.<br><br>**Нұсқаулық:** Оқушылар тақырыпты іштей түсініп оқып, оқығаны бойынша бір-біріне МК «Қар кесегі» әдісімен сұрақтар қояды, жауап береді.<br><br>Дескриптор. Білім алушылар:<br>- Тақырыпты оқиды<br>- Сұрақ қояды<br>- Жауап береді<br>ҚБ: «Бас бармақ»<br>**2 тапсырма:**<br>**Сабақ мақсаты:**<br>Шығарма желісі бойынша сұрақтар құрастырып, қосымша тапсырмаларды орындайды.<br>Белсенді әдіс: Топтық жұмыс<br>Ойлау деңгейі: Қолдану, талдау<br>Саралау: Ресурстар арқылы<br>Комуникативті дағды. Тыңдалым, айтылым, жазылым.<br>**А тобы:Көк кептерге көмекті ретімен жаз «Фишбоун» әдісі**<br><br>Дескриптор:білім алушылар.<br>-Көк кептерді қалай құтқаруды біледі.<br>-Ретімен жазады<br>**В тобы: Сипаттап, салыстыру**<br>«Вен диаграммасы» әдісі | sharg<br>Бейнеролик<br><br>Оқулық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>А3 қағаз<br>Түрлі түсті қарындаш тар |




Нұсқаулық: Нүсіпбек пен Аймағанды сипатта.Екі досты салыстыр.Бір-бірінің ортақ қасиетін тап.

Дескриптор:

-сипаттайды

-салыстырады

-ортақ қасиетін табады

ҚБ. смайлик

**С тобы Кестені толтыр**

«Әдебиет лотосы» әдісі.Кестені толтырып ,оқиды.

| Мәтін кейіпкерлері | Не істеді? | Сенің пікірің |
|---|---|---|
| Көрші әйел- Зияда апай .... | Нүсіпбекке болысты. ..... | Нүсіпбекті жамандыққа қимады. |
| | | |
| | | |

Дескриптор: Білім алушылар

-мәтін кейіпкерлерін жазады

-не істегенін жазып,оқиды

-пікірін білдіреді

ҚБ: «Марапаттау»

Сергіту сәті: «Ақ көгершін»

**тапсырма**

**3** Шығарма кейіпкерлерінің ic-әрекетіне баға беріп, шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдайды.

**Белсенді әдіс**: Жұптық жұмыс

**Ойлау деңгейі**: қолдану ,талдау, сипаттау.

**Саралау**: Тапсырма арқылы

**Коммуникативті дағды**. Оқылым, жазылым

Шығармашылық тапсырма.

А тобы: Мәтінді өз ойыңмен тұжырымдап, жалғастыр. Кептер туралы қосымша ақпарат тауып жаз.

Дескриптор: Білім алушы

- Мәтінді өз оймен жалғастырады
- Кептер туралы қосымша ақпарат жазады

ҚБ: смайлик

В тобы: Нүсіпбек пен Аймағанның арасындағы достыққа өз ойыңды білдір. Достық туралы мақал-мәтел жаз

Дескриптор: Білім алушылар

-өз ойын білдіреді

- мақал-мәтел жазады

ҚБ: смайлик

**Сергіту сәті**
**1 минут**

**8 минут**

| | | |
|---|---|---|
| | С тобы: Нүсіпбек пен Аймағанның орнында болсаң не істер едің? Құстардың суретін сал.<br><br>**Дескриптор**: Білім алушы<br>- Кейіпкерлердің орнына өздерін қойып пікір білдіреді<br>- Құстардың суретін салады.<br>ҚБ: «Смайлик» | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>5 минут<br><br>2 минут | **Бүгінгі сабақта не үйреніп,не білдік?**<br>**БББ әдісі**<br><br>**ҚБ: «Екі жұлдыз,бір тілек» әдісі арқылы білім алушыларға жұлдызша беру.**<br>Үйге тапсырма: «Құстар –біздің досымыз» тақырыбына эссе жазу. | |
| **Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз** | Ұжымда «Қар кесегі» әдісі арқылы білім алушылардың оқу үдерісін саралап,әлсіз оқушылардың оқуына қолдау көрсету.Тапсырмаларды оқушылардың қабілеттеріне байланысты жеңілден ауырға қарай дамыта беру. Қолдауды қажет ететін оқушыға жұппен жұмыс ұйымдастыру немесе тапсырманы мұғалім көмегімен орындауға ,жаттығу жеңілдетіп ұсынылады. | |
| **Бағалау -оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай теуксеруді жоспарлайсыз?** | Ұжымдық,топтық және жеке жұмыс кезінде «Екі жұлдыз,бір тілек», «Жұлдызша», «Үш шапалақ», «Марапаттау» әдістері арқылы бағаланады. | |
| **Сабақ бойынша рефлекци**<br><br>**Сабақ мақсаттары мен оқ мақсаттары орындалды ма?**<br>**Бүгін оқушылар не үйренді?**<br><br>**Жоспардланған саралау жақсы іске асты ма?** | Иә, орындалды.<br><br>Шығарманың мазмұнын түсінді.Ашық сұрақтарға жауап бере алды.Мәтінді өз ойымен тұжырымдай алды. Білім алуға деген құлшыныстары артты. Табиғатты қорғауға, аялауға деген сүйіспеншіліктері арта түсті.<br><br>Иә, іске асты. | |